

Экономикалық механизм реформаланудың әр сатысында құрылудың позитивті және негативті тенденциясына байланысты жаңа мазмұндармен толықтырылып отырылады.

Негативті тенденция біріктіру және жұту түрінде көрініп, яғни аграрлық экономиканы дамытудың қалыпты жұмысын бұзады.

Позитивті тенденция аграрлық саясаттың нәтижелігін бағалауға мүмкіндік беріп, жұмыс атқарушы заңнамалық актілердегі кемшіліктерді, әсер етудің әртүрлі әдістері мен оптималды қатынастарды анықтайды.

Ауыл шаруашылығын реттеудің экономикалық механизмін дамытудың тарихи тенденциялары мен ерекшеліктерінің талдауы қаржылық механизмді жетілдіру және өз бетімен реттеу механизмінің нарығына әсерін тигізу үшін жүргізілген экономикалық жаңартулар мен өзгертулер жеткіліксіз болып шыққанын көрсетті.

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»// Егемен Қазақстан, - 29 қаңтар 2012ж.

2. Кужиев Б.С. Қазақстандағы ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық тауарларын шығарушыларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету//КазЭУ хабаршысы, 2008, № 3.

3. Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу туралы ҚР-ның заңы.

В статье рассмотрены проблемы финансового регулирования экономического механизма сельского хозяйства. Рассмотрены особенности системы государственного финансирования аграрного сектора. Разработаны предложения по финансированию аграрного сектора экономики Казахстана.

In article problems of financial regulation of the economic mechanism of agriculture are considered. Features of system of public financing of agrarian sector are considered. Offers on financing of agrarian sector of economy of Kazakhstan are developed.

ӨОЖ 631.10.10

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУ МЕХАНИЗМІ

THE MECHANISM OF DEVELOPMENT OF FINANCIAL STABILITY OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX IN SYSTEM OF STATE REGULATION

Егізбаева Г.К.
G.K. Egizbaeva

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Мақалада мемлекеттік реттеу жүйесіндегі агроөнеркәсіп кешенінің қаржылық тұрақтылығы мен даму механизмі қарастырылған. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау бойынша ұсыныстар жасалған.

Қазіргі ауылшаруашылық мекемелерінің қаржылық жағдайы мемлекет тарапынан көмекті қажет етеді. Осыған байланысты ауылшаруашылық мекемелерін несиелеу және салық салу мәселелері қарастырылып, ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарлама қабылданған.

Қазақстандағы тауар өндірушілер салық салудың жеңілдетілген түрі бойынша жұмыс жасайды, өсімдіктің жұқпалы ауруларымен күрес бойынша шаралар жүргізіледі, асыл тұқымды малдардың, минералды тыңайтқыштардың, өнімдердің бағасы арзандатылды, ауылшаруашылық техника лизингі бағдарламасы жұмыс жасайды, мал шаруашылығы өнімі мен мемлекеттік астық сатып алу, серіктестік несиесі жүйесі арқылы несиелеу жүйесі бойынша пилотты жоба енгізілуде, сонымен қатар, «ҚР мемлекеттік агроөндірістік бағдарламасы» және «2004-2010 ж.ж. ҚР ауылдық аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылды.

Бірінші бағдарлама агроөнеркәсіптік кешен жүйесін тиімді қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде республикадағы өнім өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ол үшін келесі мәселелерді шешу қарастырылуда: өнім өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз ету, агробизнес жүйесін тиімді қалыптастыру, сыртқы және ішкі рынокта ауылшаруашылық өнімін сатуды өсіру, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын мөлшерлеу.

Екінші бағдарлама төмендегі мәселелерді шешуді қарастырады: экономикалық қызметті дамыту бойынша алғашқы дайындамалар жасау, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін қайта қарастыру және жөндеу, құрылысты инвестициялау, әлеуметтік-экономикалық даму мониторингін ұйымдастыру және ауылдық аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі, жер қорын бағалау, ауыл тұрғындарын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым қызметімен қамтамасыз етудің стандарты мен нормативін дайындау, ауыл тұрғындарының көшіп-қонуын ынталандыру бағдарламасын іске асыру; ауылдық орналастырудың тиімді моделін анықтау және оны іске асыру.

Отандық өндірістің құлдырауын тоқтату оны тұрақтандыру мен дамыту азық-түлік қауіпсіздік мәселесін шешудегі негізгі мақсат болып отыр. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау тез қайтарым береді, отандық өндіріс есебінен азық-түлік мәселесін шешуге мүмкіндік береді және басқа салалардың дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі үшін импорт бойынша ауылшаруашылық шикізаты мен азық-түлік сатып алудың орнына АӨК үшін өндіріс құралдарын сатып алған пайдалы. Экономиканың бұл саласын қазіргі заман техникасымен, жабдықтарымен және технологиялармен жабдықтау жұмсаған қаражаттан ауылшаруашылық өнім сатып алғаннан гөрі көп және жоғары қайтарым алуға мүмкіндік береді. Және азық-түлік нарығын импорттан тәуелсіздігін максималды кемітеді. Бұл мақсатта елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне, халық денсаулығын сақтау мақсатында отандық және импорттық азық-түлік сапасына қойылатын талаптарды көтеруге бағытталған бірқатар заң заңнамалар және нормативтік құқықтық актілер қажет.

Зерттеулер көрсеткендей, мемлекеттік реттеудің қолайлы көлемі ғылымда көрсетілмеген және бұл сұрақтың жалпыға бірдей қабылданған теориялық түсінігі жоқ. Мемлекеттік жүйе неғұрлым экономикалық мықты болса, экономика тұрғысынан солғұрлым ынталандыру жоғарылайды: бюджеттік шығын көбейіп мемлекеттік сектордың басым болуына әсер етеді.

Мемлекет қаржылық, бағалық және ақша-несиелік саясатты анықтайды. Бұл үрдіс мақсатқа бағытталған мемлекеттік форманың және шаруашылықтану субъектілеріне қаржылық әсер ету әдісінің бірі болып табылады.

Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстан экономикасын мемлекеттік басқарудың жетілдірілген жүйесінің қызмет етуі үшін шаруашылық аймақтарының ерекшеліктерін ескере отырып экономикалық дамыған елдердің тәжірибесін қолданып нарықтық үлгісін жасау керек. Үлгіні жасаудың жалпы шарттары – бұл өндірістің қаражат меншігі, бәсекелестік, еркін бағалар және мол табыс алу. Өндірістің кезеңдік сипаты және жоғары қорсыйымдылығы, материалды-техникалық базаның имобильдігі, тұрақты табыс алуға үнемі тәуекелділік ету; жасалған шығындар мен алынған өнімдер арасындағы уақыттың үлкен қоры және басқа да ерекшеліктер агроөнеркәсіп кешендерін

бәсекелестікке қабілетсіз етеді. Осындай жағдайлар мемлекет тарапынан араласу мен қолдауды қажет етеді [1].

Ауыл шаруашылығы басқа елдерге қарағанда тауар өндірушілерді нарықта нашар жағдайларға ұшыратып, бәсекеге қабілеттілігін төмендететін нысанды және субъективті ерекшеліктерге ие. Олардың ішінде мыналарды атап көрсетуге болады: жердің қанағаттандырылғысыз жағдайы; егістік өнімділігінің биологиялық және табиғи төмендігі; өндірістің практикалық қайта дамуы, қол еңбегіне өту байқалады.

Зерттеулер көрсеткендей, ауыл шаруашылығы, нарықтық экономикада мемлекеттік реттеудің негізгі объектісі болып табылады, бірінші қажеттіліктегі тұтынатын өнімнің 70%-ын ауыл шаруашылығы шикізатынан алады, ал ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы қоғамдық еңбектің бағасына тікелей әсер етеді. Сондықтан мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары: тұрғындарды азық-түлікпен және басқа тауарлармен жоғары дәрежеде қамтамасыз ету, экспорттық әлуетті қалыптастыру; ауылды әлеуметтік дамыту және ауыл тұрғындарын еңбекпен қамту.

Есептеулер көрсеткендей, ауыл шаруашылығының пайдасын өсіріп, өндірісті кеңейту үшін өнімнің бағасын 2-2,5 есеге өсіру керек. Ауыл шаруашылығына бюджет есебінен демеуқаржы беру мүмкін емес. Айтылған өнімділік деңгейімен, ескірген және бұзылған материалды-техникалық негізбен өндірістің пайдалы жұмысын тек қана өтемақы және демеуқаржы көмегімен жүргізу мүмкін емес. Ауыл шаруашылығының дағдарыстық жағдайы оны соғұрлым капитал салуға өзіне тартады. Бұл қорларды іске қосу үшін тез сатылып алынатын несиелік қаражат керек. Өкінішке орай, ауыл шаруашылығын мемлекеттік ұзақ мерзімге несиелеу мемлекеттік қолдау жүйесіндегі негізгі бағыт болмай отыр. Мемлекеттік қолдау механизмі басқару және өндіріс әлуетін қолдану тиімділігін сипаттайтын нақты бағытталған түрде болуы тиіс. Осылайша, нарықтық экономикаға бейімделген «мықты» шаруашылықтар сақталып қалады да, қаражат тиімсіз өндіріске жұмсалмайды. Демеу қаржы бөлу мен өтемақының практикасын меңгеруде бөлінетін қаражат көлемі мен тұрақты қаржылық жағдай арасында логикалық байланыстың болатыны байқалмаған.

Мемлекеттік реттеудің көп бағыттарының бірі несие және салық механизмін жетілдіру болып табылады. Жетілдірудің бұл түріне қол жеткізу үшін төмендегі шараларды іске асыру керек: орташа және ірі ауыл шаруашылығын қалыптастыруда және өңдеу кәсіпорындарында қаржыландыруды мақсатты түрде пайдаланып, қайтарым және төлемді уақытында іске асыруды талап ету жолымен; агроөнеркәсіп кешендерін несиелеуден босату; шаруашылыққа негізделген көмек – қаржы алушыларға (несиенің негізгі сомасын және мөлшерлемесін өтеу үшін демеуқаржы беру).

Аграрлық өндірістегі экономикалық механизм тұрақтылығы мен дамуының негізгі құрастырушылары бойынша тиімділік бағасын жүргіземіз. Бұлар бағалар, салықтар, қаржылар, несиелер және баға жиынтығы. Баға жиынтығын құрастыру – күрделі мәселелердің бірі: оны шешу үшін меншікті көрсеткіштер санының ішіндегі ең негізгісін аламыз – ауыл шаруашылығын қолдаудың жалпы көлемі (сурет 1).



Сурет 1 - Мемлекеттік реттеу жүйесіндегі ауылшаруашылық өндірісінің қаржы тұрақтылығы мен даму механизмі

Қаржыны басқарудың мынадай негізгі түрлерін атап көрсету керек: бюджеттік механизм, агроөнеркәсіп өндірісінің тұрақты дамуына әсер ету керек (жоғары сапалы азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің көлемін арттыру); баға саясаты - өңдеуді қамтуға, ауыл шаруашылығы және өндіріс өнімдерін өткізуге бағытталған болуы керек; несиелік механизм, кезеңдік жұмыстарды өткізу үшін ауыл шаруашылығын қалыптастыруда жетіспейтін айналым қаражатын толықтыру, ал қаржылық механизм – кепіл жүйесін, сонымен бірге ипотеканы, қаржы ресурстарын құру; ауыл шаруашылығы өнімдерін міндетті сақтандыру.

Әлеует ресурстарын, соның ішінде жер және еңбек ресурстарын тиімсіз пайдаланудың негізгі себептері: шаруашылық қызметінің толық жасақталмаған экономикалық механизмі; ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өнімдері мен қызмет көрсету бағасының тепе-теңсіздігі; мемлекеттік қаржылық қолдау деңгейінің төмендігі; ішкі экономикалық әрекетті ырықтандыру т.б. Осы және өзге де кемшіліктер ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді қызмет етуіне кері әсер етіп, көп жағдайда өндірісті кең көлемде жүргізуге кедергі келтіреді, соның нәтижесінде кәсіпорын үлкен шығынға

ұшырайды (ауылшаруашылық техникаларын, құрал-жабдықтарын, прогрессивтік технологияларды сатып алатын және жоғары сапалы өнімдер мен азық-түліктерді өндіруді арттыратын қордың болуы) [2].

Ауыл шаруашылығы қалыптасуындағы негізгі капиталға кіретін күрделі қаржы деңгейін бағалауда қаржының тұрақтылық дәрежесі, төлем қабілеттілігі, өндірістің техника-экономикалық деңгейі және жаңашылдық әрекет негізінде өзін-өзі қаражаттандыру ескерілмейді. Бұл көрсеткіштер нормативтік мәнге сәйкес болуы керек.

Ауыл шаруашылығының қалыптасуында қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы өзіндік айналым қаражатының шығын және қор қаражатынан көп, яғни жоғары болуымен сипатталады (мұндай ауыл шаруашылығының қалыптасуы практикада болмаған жағдай). Қаржылық жағдайдың тұрақтылығы шығын және қор көлемімен сипатталып, олардың қалыптасу көздеріне тең, кепілдің төлем қабілеттілігімен 25%-ға есептеледі. Қаржылық жағдайдың тұрақсыздығынан төлем қабілеттілігі бұзылады (30%-ға). Қаржы көздерінің барлық сомасы шығын және қор қаржысының көлемін жаба алмағанда (40%) қаржылық дағдарыс туындайды.

Қаржы қорларының жетіспеуі, техниканың істен шығуы, машиналық-тракторлық парктің жаңа машиналармен толықтырылмауы көптеген ауыл шаруашылығы өндірістерінің белсенді инвестициялануына кедергі келтіреді. Инвесторлардың қатысынсыз өндірістің материалды-техникалық базасын толықтыру мәселесін шешу мүмкін емес.

Қазақстанда ауылшаруашылық құралдарын жөндеуге немесе жаңа құралдарға жұмсалатын ақша түріндегі амортизациялық қор сияқты негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның тұрақты көзі мүлдем жоқ. Амортизациялық аударымдарды анықтау үшін шаруашылықты жүргізудің нарық талаптарына сәйкес келмейтін әдістері қолданылды (амортизация құны мен мөлшері). Көптеген кәсіпорындар амортизацияның өзіндік құнын және заттың бағасын өсіріп негізгі қордың құнымен салыстырғанда аударымдарды азайтып жіберді. Бұл өз кезегінде амортизацияның бәсекеге қабілеттілігін және сатылу көлемін төмендетіп жібереді. Баға нәтижесіне мемлекеттік реттеу жүргізілмегендіктен қайта бағалау қорытындысы объективті негізін жоғалтады, ал кәсіпорын балансында көрсетілген негізгі қорды қайта қалыпқа келтіру құны қаржының орнын толтыруға және өндіріс аппараттарын қайта жаңартуға бағытталған амортизациялық қорды есептеуге негіз бола алмайды. Сонымен бірге ауылшаруашылық өндірісте айналым қаражатының көп мөлшерде жетіспеуіне байланысты кәсіпорын амортизациялық қордағы қаражатты тікелей мақсаттарға емес, күнделікті ағымдағы шаруашылық қажеттіліктеріне жұмсайды. Амортизациялық аударымдарды көбейтудің тиімділігі, яғни аударымдарды кәсіпорындардың маңызды қаржы көзіне айналдыру үшін мемлекеттік реттеу және басқару әдістерін, ұйымды жетілдіруді, құнды есепке алу және негізгі қордың сарқылуын ескеретін мемлекеттің амортизациялық механизміне өткізу керек.

1. Қазақстандағы ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық тауарларын шығарушыларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету / ҚазЭУ хабаршысы №2 2009 ж.,

2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің инвестициялық белсенділігін реттеуге бағытталған экономикалық механизмдерінің жүйесі/ ҚазЭУ хабаршысы 2009 ж., №3

В статье рассмотрен механизм развития финансовой устойчивости агропромышленного комплекса в системе государственного регулирования. Разработаны мероприятия по поддержке агропромышленного комплекса.

In article the mechanism of development of financial stability of agro-industrial complex in system of state regulation is considered. Actions for support of agro-industrial complex are developed.

УДК 639.3:534.1

ЭЛЕКТРОННЫЕ ТОРГИ – СОВРЕМЕННЫЙ ИНСТРУМЕНТ ДЛЯ ВЕДЕНИЯ БИЗНЕСА В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ

ELECTRONIC BIDDING - A MODERN TOOL FOR BUSINESS IN AGRICULTURE

**Еркимбекулы Р.
R. Erkimbekuly**

Казахский национальный аграрный университет

В настоящее время государством в числе приоритетных направлений дальнейшего развития определены повышение производительности труда в агропромышленном комплексе и наращивание доли экспорта продукции агропромышленного комплекса в общей структуре экспорта страны. При этом первоочередное внимание уделяется вопросам развития мясного скотоводства – увеличению поголовья крупного рогатого скота мясного направления и повышение эффективности ведения мясного скотоводства. Что планируется сделать для достижения названных целей? Прежде всего намечено развитие малого и среднего фермерства, способного содержать маточное поголовье мясного направления. Предполагается, что в дальнейшем скот будет передаваться на откормочные площадки для интенсивного откорма. Одной из составляющих рыночной инфраструктуры для промышленного производства и переработки мяса, столь необходимой на современном этапе, является электронная торговая площадка.

В 2010 году АО «КазАгроМаркетинг» (КАМ) презентовал современный инструмент для ведения бизнеса – электронную торговую площадку ([www. e – agrotrade. kz](http://www.e-agrotrade.kz)), воспользовавшись которой производители и потребители сельскохозяйственной продукции имеют возможность оперативно найти бизнес-партнера в любом уголке Казахстана.

АО «КазАгроМаркетинг» осуществляет свою деятельность по следующим направлениям:

- 1) предоставление информации, оказание консультационных услуг, организация обучающих семинаров для субъектов агропромышленного комплекса;
- 2) участие в создании и развитии информационно-маркетинговой системы агропромышленного комплекса;
- 3) мониторинг и проведение аналитических исследований рынков агропромышленного комплекса;
- 4) участие в создании и развитии современных информационных технологий и электронных торгов сельскохозяйственной продукцией;
- 5) организация выпуска информационных материалов в специализированных сборниках, журналах, тематических изданиях;
- 6) участие в организации и проведении выставочно-ярмарочных мероприятий и оказании отечественным товаропроизводителям рекламной поддержки производимой сельскохозяйственной продукции и продуктов ее переработки.

Поддержка информационно-маркетингового обеспечения агропромышленного комплекса с участием АО «КазАгроМаркетинг» осуществляется посредством представления информации, оказания консультационных услуг субъектам